6D072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған, «Антисептикалық және бактерияға қарсы дезинфекциялық құралдардың гидрогельді нысандарын әзірлеу» тақырыбында орындаған Асанов Мухиттың жұмысына, ғылыми жетекшісінің пікірі.

Асанов Мухит Қабылбекұлы 2006 жылы Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-нің химия-билогоия факультетін үздік бітірді. 2006-2008 жылдары аталған Университеттің магистратурасында білім алып, Экология магистрі ғылыми дәрежесін алды. Өндірісте қызмет етіп тәжірибесі жетілген соң, білімін жетілдіру мақсатында 2017 ж аль-Фараби атындағы ҚазҰУ-не докторантураға түсіп 2020 ж бітіріп шықты. 2008-2012 жылдар аралығында Францияның, Германияның ірі фармацевтикалық компанияларында менеджер қызметін атқарып, 2012 жылы ТОО ASEM PHARM Ұлттық компаниясының құрылтайшысы болып басшылық ете бастады. 2016 жылы аталған компанияны - химиялық, фармацевтикалық және дезинфекциялық заттардың құрамдарын әзірлейтін, технологиясын дайындап өндірумен айналысатын үлкен өндіріс өрнына айналдырып – Ғылыми-Өндірістік бірлестік құрады. Бүгінгі күнде Асанов Мухит аталған бірлестіктің бас директоры қызметін атқарады. Бірлестік медицинаға қажетті 28 түрлы химиялық, дезинфезинфекциялық препараттар шығарып еліміздің ауруханаларын қамтамасыз етуде. Осы 28 препараттың құрамы мен технологиясын әзірлеуге тікелей басшылық еткен Асанов Мухит, бүгінгі күнде заңды құқығы қорғалған зияткерлік меншік болып табылатын 9 ғылыми туындының авторы, барлық туындылар өндіріске енгізілген және дайын өнім ретінде нарыққа шығарылған.

Бүкіл әлем бойынша жұқпалы аурулар өлімге себеп болатын жүрек-қан тамырлары ауруларынан кейін екінші орында және уақытынан бұрынғы өлімдердің себебі бойынша бірінші тұр. Эбола лихорадкасы, Денге лихорадкасы, малярия, оба, сібірлік ойық жара, туляремия, геморрогиялық безгек және т.б эпидемиялық аурулар әлемге төнген үлкен қауіп болып табылады. Әлемдік экономикалық нарықтың интеграция жағдайында жұқпалы аурулардың алдын-алуды қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін Қазақстан Республикасы жоғары сапалы дезинфекциялық және стерилді құралдардың жаңа, инновациялық технологиясын жасап шығару қажет.

Covid-19 мутагендік коронавирустық инфекциясының өршуінің салдарын талдау олардың соншалықты ауыр болғанын көрсетеді, сондықтан жаһандық ауқымға тез қол жеткізген және әлемдік қоғамдастыққа көптеген қиындықтар тудырған бүкіл планетаны шарпыған әлемдік эпидемиологиялық дағдарыс екенін айта кеткен жөн. Жалпы жұқпалы аурулардың алдын алуға бағытталған санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралар кешенінде, атап айтқанда АІИ (ВБИ), инфекциялардың таралу факторлары ретінде қызмет

ететін қоршаған орта объектілерінен патогендік және шартты-патогендік микроорганизмдерді жоюды қамтамасыз ететін ДҚ пайдалануды көздейтін дезинфекциялық технологиялар маңызды рөл атқарады.

Докторантурада оқи жүре Асанов Мухит осы бағытағы мәселелерді шешу жолында ауқымды жұмыс атқарды. Ол алғаш рет поли-N-винилпирролидонды (ПВП), гелланды, сондай-ақ N,N-диметилакриламид (ДМА) және акрил қышқылы (АҚ) негізіндегі гибридті термосезімтал pH-тәуелді сополимерлерді гель түзуші полимерлер ретінде пайдалана отырып, хлоргексидин биглюконаты (ХГ) антисептигінің кең спектрлі антибиотик гентамициннің гидрогельді формаларын жасады.

Алғаш рет ХГ және гентамицин қосылған ПВП мен геллан негізіндегі гидрогельдері пайдалана отырып антимикробты жақпа мен таңғыштардың лобороториялық технологиясын әзірлеп, лабораториялық сынамаларын алды. Алынған гидрогельді жақпа мен таңғыштар үшін "in vitro" және "in vivo" жағдайларында клиникаға дейінгі зерттеулер кешені жүргізілді, нәтижесінде оларға тән жоғары дренажды қабілеті, қабынуға қарсы, жараларды емдейтін, күйікке қарсы, саңырауқұлаққа қарсы және бактерияға қарсы белсенділік сияқты маңызды медициналық-биологиялық қасиеттердің тұтас тізбесі анықталды.

Сонымен қатар алынған антисептикалық жақпалардың зертханалық үлгілері, өндіріске енгізу мақсатында, Мемлекеттік тіркеу құжаттарын алу үшін «Дәрі-дәрмек, медициналық бұйымдар, медициналық техниканы сараптау Ұлттық орталығында» сараптамалардан өтіп жатыр.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ұсынылған "Бактерияға қарсы, антисептикалық және дезинфекциялық құралдардың гидрогельдік нысандарын әзірлеу" диссертациялық жұмысы 6D072100 — "Органикалық заттардың химиялық технологиясы" мамандығы бойынша философия докторының (PhD) диссертацияларына қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді деп санаймын, ал оның авторы М. К. Асанов тиісті дәрежеге лайық деп есептеймін.

х.ғ.к., Сатпаева университетінің
ГжМГІ институтының ХжБИ кафедрасының қауымдастырылған профессор Мангазбаева Р.А.